

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің "Ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 435 қаулысы

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің "Ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) құрылсын.

2. Мыналар:

1) Мекемеге қатысты уәкілетті мемлекеттік орган болып Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі;

2) Мекеме қызметінің негізгі мәні ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Мекеменің жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) <\*>

2) Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 28.12.2016 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) № 887 қаулысымен.

Ескерту. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысымен .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі